



Шейх Мухаммад
ибн Ғалиб әл-Умари

Аса қажеттілікке байланысты жұма намазын бір мешітте екі рет оқуға бола ма?



Дайындаған: Мағжан Тобықты

18/10/1446 Һ. – 16.04.2025 ж.

**Аса қажеттілікке
байланысты жұма намазын
бір мешітте екі рет оқуға
бола ма?**

Шейх Мухаммад ибн Ғалиб әл-Умари
(Алла оны сақтасын)

Дайындаған: Мағжан Тобықты

18/10/1446 h. – 16.04.2025 ж.

SunnaPortal.com

Сұрақ

Әссәләму алейкум уа рахматуллаһи уа баракәтуһу!

Қадірлі шейхымыз, Мухаммад ибн Ғалиб әл-Умари – Алла сізге жақсылық беріп, берекесін жаудырсын!

Қаңтар айының басында сіз біздің көркем еліміз – Қазақстанға, дәлірек айтқанда, оның мәдени, қаржы және туризм астанасы – Алматы қаласына сапар шектіңіз. Ол жердің асқақ тауларын, сарқыраған өзендерін және кең жазира далаларын көрдіңіз. Одан да маңыздысы – халқы тығыз орналасқан және тіршілігі қайнап жатқан қаланың орталығын, Әл-Фараби, Панфилов, Сәтбаев сынды атақты көшелерін және ерекше сәулетімен танылған мешіттерін тамашаладыңыз.

Кеңес Одағы құлағаннан кейін Қазақстанда мешіттердің саны шамамен 50 ғана еді. Алайда тәуелсіздік алғаннан кейін, алдымен Алланың қалауымен, содан соң халық пен мемлекеттің күш-жігері арқасында мешіттеріміздің саны бүгінде 2888-ге жетті – Аллаға сансыз мақтау-мадақ болсын.

Жыл сайын ел аумағында жаңа мешіттер ашылып жатыр, дегенмен бұл қарқынды өсіп жатқан халықтың сұранысын толық қанағаттандыра алмай отыр. Ресми мәліметтер бойынша, қазіргі таңда 257 жаңа мешіттің құрылысы жүріп жатыр. Соған қарамастан, намаз оқитын орындарға деген сұраныс қажетті шамадан тым асып түсуде. Бұл жағдай бір жағынан қуандырса, екінші жағынан алаңдаушылық тудырады. 70 жылдай үстемдік құрған атеизмнен құтылған

соң, көпшілік жастарымыз Пайғамбарымыздың ﷺ сүннетіне бет бұруда. Бұл өз кезегінде намазхандардың саны жаңа мешіттердің ашылуына қарағанда әлдеқайда жылдам артуына себеп болды. Әсіресе жұма күндері бұл мәселе айқын көрініс табады.

Аталмыш мәселе қала орталығында жеке автотұрағы қарастырылған үлкен мешіттер салуға сай кең жер телімдерін табу қиындығымен де ушығып отыр.

Сізбен Қаскелең шатқалына жасаған сапарымызда осы мәселені талқылаған едік. Сол кезде сіз Еуропа мен АҚШ-тағы кейбір қалаларда мешіттер мен оның ауласы лық толғандықтан, жұма намазы екі кезекпен оқылатынын айтқан едіңіз. Бұл – халықтың шамадан тыс шоғырлануын азайтып, адамдардың көше бойында намаз оқуының

алдын алады, әрі қоғамда мұсылмандарға деген жағымсыз пікір туындамауына себеп болады.

Құрметті шейх, Қазақстан мұсылмандарына осы мәселеде нұсқау және кеңес беруіңізді өтінеміз. Себебі кейбір бауырларымыз жұма намазының соңғы ракағатына үлгермей қалудан қорқып, үлкен көшелердің бойында жайнамаздарын төсей сала намаз оқиды. Бұл көлік кептелісіне, әлеуметтік желілердегі қызу талқылауға алып келіп, мұсылман қауымы мен жалпы мемлекетке қиындық туғызуда.

Осыған байланысты сізге келесі сұрақтарды жолдаймыз:

1. Бір мешітте жұма намазын екі рет оқу шариғатта рұқсат па?

2. Екінші жұма намазы қалай өткізіледі?

3. Екі жұма намазын бір имам оқи ала ма, әлде басқа имам қажет пе?

4. Екі жұма намаздың қайсысы абзал болады?

Құрметті шейх, біз бұл сұрақтарды сізге, мол тәжірибесі мен терең білімі бар маман әрі сарапшы ретінде жолдап отырмыз, сізден кеңес пен бағыт-бағдар аламыз деген үміт-теміз. Пайдалы кеңесіңізбен бөлісуіңізді сұраймыз және біздің сізге деген алғысымыз шексіз болмақ.

Ізгі тілекпен, бауырыңыз әрі шәкіртіңіз,

Мағжан Тобықты,

Қазақстан, Алматы.

Жауап

Аса Рақымды да Мейірімді Алланың атымен!

Барлық мақтау-мадақ Алла Тағалаға тән.

Сапарымыз кезінде көрсеткен жылы ықылас-тарыңыз бен қонақжайлықтарыңыз үшін зор алғысымды білдіремін. Алла Тағала елдеріңізге береке, қауіпсіздік және тыныштық берсін, және үкімет басшысына, оның министрлері мен өкілдеріне жәрдемін танытып, оларды Өзі разы болып, жақсы көрген істерге бастасын!

Ал енді жұма намазының мешіт аумағынан шығып, жол бойына дейін таралуы мәселесіне тоқталсақ, оны бірнеше тұрғыдан қарастыру қажет:

Біріншіден. Негізінде жұма намазы мешітте оқылуы керек. Сондықтан егер ол үлкен

жолды жауып, жүргіншілерге зиян келтіріп, адамдардың күнделікті тіршілігіне кедергі болса, бұл жағдайда жолдардың бойында оқуға тыйым салынады.

Екіншіден. Асылы – жұма намазы мешітте бір рет қана оқылады. Соған сай, егер адамдар мешітке симаса, мүмкіндік болса басқа мешітке барады.

Үшіншіден. Егер мешіттер арасы тым қашық болып, жамағат саны көптігінен негізгі мешіт адамдардың барлығын сыйғыза алмаса – нәтижесінде кейбір кешіккендер жұма намазын мүлде өткізе алмай қалуы мүмкін болса,

немесе намазды мешіттің сыртында оқу жоғарыда айтылғандай кері салдарға алып келсе, онда тағы бір жұма намазын өткізу рұқсат етіледі.

Екі жұманы да бір адам оқып қалуынан сақтанып, екінші жұманы басқа имамның жүргізгені абзал.

Төртіншіден. Бірінші жұма намазы күн тас төбеге келгеннен кейін ғана оқылуы керек. Ал екінші жұма намазы бірінші намаз аяқталған соң оқылуы тиіс.

Бесіншіден. Бірінші оқылатын жұма намазына ұмтылу абзалырақ. Себебі бұл ізгі істерге асығу жайындағы аяттар мен хадистердің мазмұнына сай келеді.

Алтыншыдан. Екі жұма намазына бір ғана азан жеткілікті. Алайда әрқайсысының алдында жеке қамат айтылады.

Алладан баршамызға табыс пен тура жол нәсіп етуін тілейміз. Сіздерге Алланың сәлемі, мейірімі және берекеті болғай!

Шейх Мухаммад ибн Ғалиб әл-Умари,
шариғи ғылымдарының докторы.

18/10/1446 һ. – 16.04.2025 ж.